



Азаттықты дәріптеп, ант қабылдады

«Абылайдың асында шаппағанда...» дейтін алаш жұрты аламан мерекенің көрігін қыздыруда. Қарашаның 26-сында республика бойынша, соның ішінде біздің өңірде де «Тәуелсіздіктің 20 шыңы – 20 жұлдызды күн» атты мерекелік шаралар шымылдығын түрді. Әр күні жеке-жеке атауларды арқалаған бұл думан 16-желтоқсанда өз мәресіне жетеді.

Жұлдызды күннің алғашқысы «Менің Қазақстаным» деген атаумен өскелең ұрпақтың бойында патриоттық рухты оятуға арналды. «Таласқа түссе жан мен Ту, жан емес маған керегі көк тудың желбірегені...» деп ақын жырға қосқандай Елтаңба, Ту, Әнұран сынды мемлекеттік рәміздердің маңыздылығын ұғындырып, терең насихаттауға, сол арқылы ел мен жерді сүйге, қол жеткізген егемендіктің қадірін бағалай білуге үндеген айтулы шара Шығыста ерекше жағдайда ұйымдастырылды. Ақция аясында «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жұлдызды шыңы» атты кітаптар көрмесі, грузин және италян әндерін орындаушы Тариэла Сахвадзениң және Шығыс ауылы өнерпаздарының концерттік бағдарламалары, «Қазақстанның келешегі – жастардың қолында» деген атпен өскемендік колледждер оқушылары арасында екінші қалалық пікірсайыс турнирі және басқа да іс-шаралар болды. Сол сияқты дарынды балаларға арналған облыстық Жамбыл атындағы арнайы мектеп-гимназия-интернатында Тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған он-лайн тәртібінде жүргізілген интерактивті сабақтың да кейінгі буын өкілдері үшін берері мол. Сабақтың тақырыбы айтып тұрғандай, «Мемлекеттік рәміздер азаматтық пен патриоттықты қалыптастырудың қайнар көзі» екені

пай жотасына жиналған мемлекеттік қызметкерлер мен құқық қорғау саласының жас мамандары рәміздердің мән-маңызы жайында әңгіме өрбтті.



рас. Оған облыстық әкімдіктің, білім басқармасының, алдыңғы қатарлы білім ордаларының мамандары тікелей қатысса, Семей қаласының «Жас ұлан» арнайы кадет мектебінің, Зырян қаласының және Үлкен Нарын, Үржар ауылдарындағы лицейлердің тәлімгерлері ғаламтор желісі арқылы байланысқа шықты.

Бұл күні облыстың барлық қала-аудандарында рәміздерді ұлықтауды мақсат тұтқан түрлі ақциялар жүргізілді. Қоғамдық көліктерде, көшелерде, адамдар демалатын саябақтарда көк байрағымыз, Әнұран мен Елтаңбамыз жайлы ақпараттарға толы парақшалар таратылып, флэш-моб ұйымдастырылды. Өскемендегі Бот-

«Атамекен» деген ардақты атқа ие мерекенің екінші күні еліміздің тыныштығын күзеткен шекарашылар құрметіне арналды. Алдымен ҚР ҰҚК ШҚ-ның №2034 әскери бөлімінің шекарашылары Ұлы Отан соғысында шейіт болған боздақтарды еске алып, Өскемендегі Даңқ мемориалына гүл шоқтарын қойып, Ахмердегі №27943 әскери гарнизонының жас сарбаздары Республика алаңында салтанатты жағдайда ант қабылдап, шаһар әкімі Ислам Әбішев жиынға қатысушыларға құттықтау сөзін арнады. Бұдан соң мерекелік шара Зайсан ауданында өз жалғасын тапты.